

Сабақтың тақырыбы:
«Есепті теңдеу құру
арқылы шығару»

4 ә сынып

Бастауыш сынып мұғалімі:
Бекжанова Б.С.







Сабақтың мақсаты:

Білімділік Оқушыларға есепті теңдеу құру арқылы шығару, жанама тұжырымдалған есептерді теңдеу арқылы шешу жолдарын үйрету.

Дамытушылық: Есепті шығару және түрлендіру, ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды білімділікке, адамгершілікке, топпен, жұппен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.



Сабақ әдісі:

**Сұрақ-жауап, көрнекілік
көрсету арқылы түсіндіру,
жарыс.**

Сабақ түрі:

**Жаңа білімді меңгерту,
іздену**

**Сабақ
көрнекілігі:**

**Топшама, Математика 105
сабақ кітабы.**

Ұйымдастыру кезеңі:



Психологиялық дайындық.

Күн шуағы

Қайырлы күн, достар!

Бүгінгі күн, міне,

Сәттілікке толсын!

Біздің алар бағамыз

Кілең бестіктер болсын!!!





*Бір, екі, үш,
Отырамыз тып – тыныш
Жалқаулықты тастаймыз,
Сабақты біз бастаймыз.*





Үй тапсырмасын тексеру

Бәйге.

$2*10$

25

$5*5$

40

0

$22*2$

97

$900-100$

63

$700-500$

59

$800-400$

40

0

Қызығушылықты ояту

$600-200$

200

$45+14$

44

$68+30$




20

$67+30$

00

$21*3$

98



$(122+18):70=$
 $(64:8+20):7=$
 $20\cdot(26+14):100=$
 $1\cdot(30+2)-4\cdot4=$
 $5\cdot4+12=$
 $400-300-36=$

Е
Е
Ц
Д
Т
У

32	4	8	16	2	64
----	---	---	----	---	----

Е	Е	Ц	Д	Т	У
---	---	---	---	---	---



Теңдеу дегеніміз құрамына
енетін әріптің мәнін табу керек
болатын теңдік

$$X \times 5 = 10 \times 6$$

$$x \times 3 = 57 - 17$$


теңдеулерінің шешу тәсілдерін түсіндіру



“Жұмыла көтерген жүк жеңіл”

№1

**Қабырғасы x см және 7 см тік
төртбұрыштың периметрін әр түрлі өрнек
түрінде жазып көрсет.**




№2

Есепті шығар.

- а) Ағасы 28 жаста. Ол қарындасынан 6 жас үлкен. Қарындасы неше жаста?
- ә) Енді есепті теңдеу құру арқылы шығар.

Сергіту сәті

**Бір апталық күндері өтті
Дүйсенбіде гүлдер ектім
Сейсенбіде жуа тердім
Сәрсенбіде су әкелдім
Бейсенбіде бақша баптап
Жұма күні тақпақ жаттап
Сенбіде мен кино бардым
Жексенбіде бір демалдым**



“Еңбек түбі - береке”
№3

Есепті теңдеу құру арқылы шығар:
Аулада бірнеше тауық және 12 балапан болды. Егер тауықтардың санын 3 есе арттырса, ал балапандардың санын 2 есе кемітсе, онда олардың саны бірдей болады. Аулада неше тауық болды?






**а-ның 80-ге бөліндісін
5 есе арттыру**

**90 мен с-нің қосындысын
60-қа көбейту**

**70-тің 5-ке бөліндісіне 42-нің
х-ке бөліндісін қосу**

**984 пен 324-тің қосындысын
а мен 412-нің қосындысына бөлу.**



№4. Есепті теңдеу құру арқылы шығар



- Мұзайдыңға аулада тұратын 8 бала және мектептен бірнеше бала келді. Олар алты-алтыдан екі топқа тең бөлініп, хоккей ойнады. Мектептен мұзайдыңға неше бала келді?



№5.

- **Тік төртбұрыш пішінді бақшаның ұзындығы 12м, ал ені одан 3 есе қысқа. Бақшаның төрттен бір бөлігінен картоп, ал қалған бөлігінен басқа көкөніс жиналды. Бақшаның қанша алқабынан басқа көкөніс жиналды?**

Топ жарысы №7


Жыл- дамдық	3 км/сағ	x км/сағ			10 км/сағ	x км/сағ
Уақыт	4 сағ	4 сағ	3 сағ	x сағ		
Қашық- тық			30 км	30 км	120 км	120 км

№8.

а) Екі санның көбейтіндісінің мәні 7005-ке тең. Көбейткіштердің біреуін 5есе арттырса, көбейтіндінің мәні қалай өзгереді? 5есе кемітсе ше?



Логикалық тапсырма:



$$111*(1*1*1)*1*333*333=1000$$

Бойы сергектің , ойы да сергек .№9.

Топпен жұмыс.

$$1) 10356 * 6 =$$

$$4096 : 8 =$$

$$112 * 6 =$$

$$108 * 8 =$$

$$2) 2856 * 4 =$$

$$3700 : 10 =$$

$$225 * 6 =$$

$$204 * 8 =$$

$$3) 1475 * 5 =$$

$$8037 : 9 =$$

$$248 * 6 =$$

$$402 * 8 =$$



Үйге тапсырма






*Күнделікті енді ашайық
Үй тапсырмасын жазайық.
Теңдеуден алған білімді,
Ұмытпай есте сақтап алайық.*

№6 есеп. 114 бет






Бағалау



Логикалық есептер

- Шөпте қояндар тығылып отыр, тек 10 құлағы ғана көрініп тұр. Қанша қоян тығылып отыр?
- Таразы табақшасына 2 аяғымен тұрғанда тырна 2 кг болды. Бір аяғымен тұрса, онда оның массасы қандай болады?
- Ауылда 4 күн 4 түн боран соқты. Неше тәулік боран соқты?
- Бір адам қалаға бара жатыр еді, жолда оған 3 танысы қарсы келді. Қанша адам қалаға барды?



Назарларыңызға рахмет!

